

Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2022 жылғы 20 шілдедегі № 3/342 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 6 қаңтардағы № 1/4 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2022 жылғы 20 шілдедегі № 3/342 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28868 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е. Досаев

Алматы қаласының
әкімдігінің 2024 жылғы
"6" қаңтардағы № ¼
қаулысына қосымша
Алматы қаласының
әкімдігінің 2022 жылғы
"20" шілдедегі № 3/342
қаулысына қосымша

Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

p/c	Мектепке дейінгі ұйымның түрі	Тәрбиеленушілер саны	айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Айына бір балаға ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)
1	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік)	37 287	55 659	25 000
2	Бөбекжай-балабақша (жеке меншік)	49 506	55 659	25 000
	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік)			

3	бөбекжай-балабақш алардың жанындағы арнайы топтар)	224	100 163	-
4	Бөбекжай-балабақш а (мемлекеттік бөбекжай-балабақш алардың жанындағы мектепалды топтар)	40	24 550	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК